

«Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басқармасы» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы жария талқылау ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қаласы

14.04.2025 жыл

«Мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген» сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес, «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ (бұдан әрі-басқарма) басшысының 2025 жылғы 20 наурыздағы «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2025 жылғы 01-21 сәуір аралығында 2024 жылдың II-III және IV тоқсан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Басқарманың қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау көрсеткендей, төмен тұрған қызметті көрсету кезінде жер қойнауын пайдаланушылармен тікелей байланыс бар, өйткені «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 07 сәуірдегі № 188 бұйрығына сәйкес құжаттарды қабылдау және нәтиже беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады:

- *«Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған Лицензия»;*

- *«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге рұқсат»*

Жоғарыда айтылғандар сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады, өйткені іс жүзінде басқарма қызметкерлерінің жер қойнауын пайдаланушылармен жеке байланысы кезінде жасанды әкімшілік кедергілерді көрсету мүмкіндігі бар.

Ұсынымдар: «Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған Лицензия», «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге рұқсат беру» функцияларын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын әзірлей отырып,

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізу қажеттілігі туралы уәкілетті органға хат.

Жұмыс тобының төрағасы



Е. Қажмұханұлы

Жұмыс тобының құрамы



Д. А. Карипов




Д. Е. Даулетов



А. Карибаев



Д. Тойболдин



М.К. Шакирова

Р. А. Салықова